

Серік Жайлауұлы ПІРӘЛИЕВ

Белгілі педагог ғалым, қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі. 1952 жылы 12 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданына қарасты Куйбышево ауылында дүниеге келген.

С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің химия факультетін бітірген (1976), химия ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, Халықаралық Инженерлік академияның корреспондент-мүшесі (2000), ҚР Инженерлік академиясының академигі (2006), ҚР ҰҒА академигі.

1976-1985 жылдары Қазақстан Ғылым академиясы Химия ғылымдары институтының кіші ғылыми қызметкері болып еңбек жолын бастаған С.Пірәлиев, кейін аға зертханашы, инженер болып істеді. 1985-1995 жылдары ҚР Білім Министрлігінің аға инспекторы, басқарма бастығының орынбасары, министрдің көмекшісі, бөлім бастығы, бас басқармасының бастығы; 1995 жылы ҚР Министрлер Кабинеті Аппаратының сыртқы байланыстар бөлімінің хаттамалық қызмет секторының меңгерушісі; 1995-1996 жылдары ҚР ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары; 1997 жылы ҚР Білім және мәдениет Министрлігінің жоғары және орта арнаулы білім департаменті директорының орынбасары; 1997-1999 жылдары ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Жоғары және орта арнайы білім басқармасы бастығының орынбасары, бастығы; 1999-2003 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры; 2003-2007 жылдары Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті; 2007-2008 жылдары ҚР БҒМ Жауапты хатшысы; 2008-2017 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры қызметтерін атқарды.

С.Ж. Пірәлиев республиканың қоғамдық өміріне белсенді қатысты. Алматы өңірі жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің төрағасы болды. ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің төрағасы, ҚР БҒМ алқасының мүшесі, сондай-ақ Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды (09.2003-2007). Алматы қаласы мәслихатының Медеу ауданының №30 сайлау округінен 5-ші шақырылымының депутаты (2012) болды.

ҚР Білім беру ісінің үздігі. «Құрмет» орденімен (2005) және «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Нұр Отан» ХДП, «Белсенді қызметі үшін» медальдарымен, А.Байтұрсынов атындағы Алтын медальмен, Нобель сыйлығының лауреаты П. Л. Капица атындағы күміс медальмен, «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, халықаралық ғылыми жаңалықтар мен өнертабыстар академиясының дипломымен марапатталған. Ол 200-ден астам ғылыми, әдеби еңбектер мен 6 ғылыми жаңалықтардың авторы.